

**"Ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 1 қарашадағы № 1466 Жарлығына
өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті
Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 желтоқсандағы № 1419 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«Ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі
туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы
1 қарашадағы № 1466 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан
Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы
Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі С. Ахметов

**«Ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі
туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 1 қарашадағы №
1466 Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі
туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 1 қарашадағы № 1466
Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 44, 543-құжат)
мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Ерекше стратегиялық маңызы бар, оның ішінде жалға және сенімгерлікпен
басқаруға беруге болатын су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі туралы»;
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған ерекше стратегиялық маңызы бар, оның ішінде жалға және
сенімгерлікпен басқаруға беруге болатын су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі
б е к і т і л с і н . » ;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген ерекше стратегиялық маңызы бар су
шаруашылығы құрылыстарының тізбесінде:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Ерекше стратегиялық маңызы бар, оның ішінде жалға және сенімгерлікпен
басқаруға беруге болатын су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі»;
мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Мынадай қалаларды сумен жабдықтауды қамтамасыз ететін, жалға және сенімгерлікпен басқаруға беруге болатын су шаруашылығы құрылыстары (су алу құрылыстары, сорғы станциялары, тазартқыш су құбыры құрылыстары):

- 1 . А с т а н а ;
- 2 . А л м а т ы ;
- 3 . А қ т а у ;
- 4 . А қ т ө б е ;
- 5 . А т ы р а у ;
- 6 . Қ а р а ғ а н д ы ;
- 7 . К ө к ш е т а у ;
- 8 . Қ о с т а н а й ;
- 9 . Қ ы з ы л о р д а ;
- 10 . П а в л о д а р ;
- 11 . П е т р о п а в л ;
- 12 . Т а л д ы қ о р ғ а н ;
- 13 . Т а р а з ;
- 14 . О р а л ;
- 15 . Ө с к е м е н ;
- 16 . Ш ы м к е н т ;
- 17 . С е м е й ;
- 18 . Т ү р к і с т а н ;
- 19 . Т е м і р т а у ;
- 20 . Е к і б а с т ұ з ;
- 21 . Р у д н ы й ;
- 22 . Ж е з қ а з ғ а н ;
- 23 . К е н т а у ;
- 24 . Б а л қ а ш ;
- 25 . Ж а ң а ө з е н ;
- 26 . С ә т п а е в ;
- 27 . А қ с у ;
- 28 . Р и д д е р ;
- 29 . А р ы с ;
- 30 . С т е п н о г о р с к ;
- 31 . Ш а х т и н с к ;
- 32 . С а р а н ;
- 33 . Қ а п ш а ғ а й ;
- 34 . А р қ а л ы қ ;
- 35 . Л и с а к о в с к ;

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н.Назарбаев